

КӨКТАЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚУАНЫШЫ

4-БЕТ | МӘСЛИХАТ



БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН КІМДЕР ЖАЗЫП ЖҮР?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Соңғы жылдары мемлекетіміз аса ауқымды құқықтық және қоғамдық жаңғыру жолына түсті. Елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптаса бастады. Біз өркениетті ел ретінде Заң мен тәртіп қағидатын ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналдыруымыз керек. Барша азаматтарға, әсіресе, жастарға заңды құрметтеу, заңға бағыну қажет екенін қарапайым тілмен жан-жақты түсіндірген жөн.

№69
(4967)
Сенбі
13 маусым
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРАДЫ

Елімізде «2026-2029 жылдарға арналған халық табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспар» қабылданды. Бұл туралы Үкіметте өткен баспасөз мәслихатында ұлттық экономика министрінің бірінші орынбасары Азамат Әмрин мәлім етті.

Бұл құжат алты бағыт бойынша 59 іс-шараны қамтиды және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, сапалы жұмыс орындарын құруға және халықтың нақты табысын арттыруға бағытталған.

«Жаңа жоспар 2022 жылдан бастап жүзеге асырылып жатқан бағдарламаның орнын алмастырады және экономиканың ағымдағы сын-қатерлерін де, адами капиталды дамыту және қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі ұзақ мерзімді міндеттерді де ескереді. Өңірлік нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу тетігін күшейту үшін әкімдіктер халықтың табысын арттырудың өңірлік бағдарламаларын әзірледі» деді Азамат Әмрин.

Сондай-ақ вице-министр халық табысын арттыру бағдарламасы іске қосылған сәттен бастап негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсуі тіркелгенін де атап өтті.



ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕГІН ҮЙРЕТЕДІ

Елордада Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен «Руханият» КММ тегін қазақ тілі курсын ұйымдастырады, деп хабарлады елорда әкімдігінің ресми сайты.

Тегін курстарға өтініштер 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қабылданады. Курс 3 тамыз күні басталады. Оқыту форматы: оффлайн және онлайн. Сабақ аптасына 3 рет өтеді. Курс соңында арнайы сертификат табысталады.

Курсқа тіркелу мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9-үй, 209-кабинет. Жұмыс уақыты: Дүйсенбі-жұма: 07:30-17:00.

Байланыс телефондары: +7 (7172) 24-90-52; +7 707 497 71 43.



ЕЛОРДАДА ЕМХАНАЛАР КӨБЕЙЕДІ

Бас қалада әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Алдағы жылдары елорда аумағында денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған бағдарлама аясында бірнеше жаңа емхана мен жедел медициналық жәрдем қызметінің қосалқы станциялары пайдалануға беріледі.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ҚАРҚЫНДЫ

Астанада бірнеше көше жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша жабылады.



Астанада әлеуметтік нысандарға кіреберіс жолдар салу және Шығыс тұрғын алабындағы көше-жол желісін дамыту жобасы аясында бірқатар көшеде жол жөндеу жұмыстары жүргізіледі, деп хабарлайды Elordainfo.kz қала әкімдігінің ресми сайтына сілтеме жасап. Жоба аясында Сығанақ көшесі, Е32, Е15 және Е36 көшелерінің аумағында орналасқан жол учаскелеріне асфальт-бетон жабынының үстіңгі қабатын төсеу жоспарланған.

Осыған байланысты төменде көрсетілген көшелерде уақытша қозғалыс шектеулері енгізіледі:

Әйтеке би көшесінде Мәншүк Мәметова көшесінен Е15 көшесіне дейінгі аралықта – 11-16 маусым аралығында;

Е14 көшесінде Әйтеке би көшесінен Е36 көшесіне дейінгі учаскеде – 16-24 маусым аралығында;

Е15 көшесінде Әйтеке би көшесінен Е36 көшесіне дейінгі аралықта – 24 маусым мен 3 шілде аралығында;

Е35 көшесінде Мәншүк Мәметова көшесінен Е15 көшесіне дейінгі учаскеде – 4-10 шілде аралығында.

Қала әкімдігі тұрғындар мен көлік жүргізушілерінен жол жүру бағытын алдын ала жоспарлап, уақытша енгізілген өзгерістерді ескеруді сұрайды.

КӨШЕ АТАУЫ – СОФИЯ

Қала әкімдігі елорданың екі көшесіне София және Марко Поло атауын беру туралы қаулы қабылдады.

Елордадағы жобалық атауы Е754 болған көшеге енді София атауы беріледі. Бұған дейін Болгария астанасы Софияда бір көшеге «Астана» атауы берілген болатын.

Сонымен қатар «Астана Арена» стадионы мен «Алау» мұз сарайы арасындағы атаусыз көше Марко Поло есімімен аталады. Бұл ұсыныс алғаш рет 2025 жылдың қыркүйегінде айтылған болатын. Көше Тұран даңғылынан басталып, Қабанбай батыр даңғылына дейін жалғасады.

Қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң күшіне енеді. Құжат 10 маусымда қабылданған.

№69 (4967) 13/06/2026 Сенбі



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Марлен Маматалиевті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Марлен Маматалиевке ілтипат білдіріп, оның Қазақстанға алғашқы ресми сапары екіжақты қарым-қатынасты нығайту тұрғысынан айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

«Елімізге арнайы келгеніңізге қуаныштымыз. Сапарыңыз өте маңызды. Бұл екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін береді деп сенемін. Елдеріміз арасында ешқандай түйткіл немесе түсініспеушілік жоқ. «Қазақ-қырғыз – бір туған» деген сөз бар. Бір кеңістікте бауырлас, тату болып, арамыздағы қарым-қатынасты нығайта береміз. Қырғыз Республикасының экономикасы жоғары қарқынмен дамып келеді. Біз бұл оң үрдісті қолдаймыз. Қырғыз Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Мұны Қырғызстан мен Орталық Азия елдері үшін тарихи оқиға деп айтуға болады. Осыған орай Президент Садыр Нургожоевич Жапаровқа құттықтау хат жолдадым» деді Президент.

Марлен Маматалиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесу үшін алғыс айтып, Президент Садыр Жапаровтың ыстық ықыласын жеткізді. «Қырғыз тарапы Сіздің басшылығыңызбен іске асырылған ауқымды конституциялық өзгерістерді қолдайды. Мен мұны сенімді түрде айта аламын. Бұл әділетті әрі озық Қазақстанды құруға берік негіз қалайды. Сізге және бауырлас Қазақстан халқына бейбітшілік, бақ-береке тілеймін. Қолға алған реформаларды табысты жүзеге асыруларыңызға тілектеспін» деді Жогорку Кенеш Төрағасы.

Кездесу барысында парламентаралық байланыстарды дамыту және жоғары деңгейде қол жеткізілген екіжақты уағдаластықтарды заңнамалық тұрғыдан тиімді қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Екі елде жүргізіліп жатқан жүйелі әлеуметтік-экономикалық реформалар жөнінде мазмұнды әрі егжей-тегжейлі әңгіме өрбіді. Президент пен Жогорку Кенеш Төрағасы Қазақстан мен Қырғызстанның стратегиялық серіктестік және одақтастық қарым-қатынасын жан-жақты дамытуға бейіл екенін растады.

YKIMET

ЭКОНОМИКА БАСЫМДЫҚТАРЫН ЗЕРДЕЛЕДІ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов лауазымдық міндеттерін атқаруға биылғы ақпан айында кіріскен Халықаралық валюта қорының Қазақстан бойынша миссиясының басшысы Амина Ларешпен кездесу өткізді. Онда ХВҚ сарапшылар тобының Қазақстан экономикасының соңғы үрдістерін, жүргізіліп жатқан реформалардың басымдықтарын және одан әрі даму перспективаларын зерделеу жөніндегі қызметінің алдын ала қорытындылары қаралды.

Премьер-министр Олжас Бектенов серіктестіктің маңыздылығына тоқтала отырып, Қазақстанның экономикалық саясатын жетілдірудегі сараптамалық сүйемелдеудің рөлін атап өтті. Қазақстанда қабылданған жаңа Конституция әртараптандырылған орнықты экономиканы дамыту үшін институционалдық негіз қалайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына сәйкес экономикалық жаңғыртуды кешенді күн тәртібі жүзеге асырылуда. «Біз Қазақстанның экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын Халықаралық валюта қорымен әріптестігімізді жоғары бағалаймыз. Бұл диалог ХВҚ-ның тұрақты миссиялары, мақсатты кеңестері және мемлекеттік органдарға көрсетілетін техникалық көмегі аясында жалғасуда. Ағымдағы миссияның қорытындылары бойынша ұсынымдар еліміздің макроэкономикалық және макропруденциалдық саясатын одан әрі жетілдіру үшін құнды бағдар болады деп сенемін» деп атап өтілді. «Бүгінде Қазақстан экономикасы дамуының оң динамикасын атап өтуге болады. Мұнай жеткізіліміне байланысты сыртқы факторлардың тиімді өтемақысы нәтижесінде төлем балансының жағдайы жақсарууда, экономика тұрақтылықты көрсетуде. Сондай-ақ экономикалық саясат пен қабылданып жатқан шешімдер жүйелі түрде жетілдіріліп келе жатыр. Макроэкономикалық тұрақтандыруға ықпал ететін жүргізіліп жатқан ақша-несие саясатын оң бағалаймыз. Экономикалық өсудің жоғары қарқынын сақтай отырып, инфляциялық қысымның біртіндеп төмендеуі байқалады. Біз Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржы нарығын реттеу мен дамыту жөніндегі агенттіктің бірлескен іс-қимыл жоспарын қабылдауын құптаймыз және экономикалық саясатты жүзеге асыруға үйлестірілген көзқарас макроэкономикалық тұрақтылықты одан әрі нығайтуға және Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына ықпал етеді деп сенеміз» деді Амина Лареш.

ХВҚ-ның Қазақстан бойынша миссиясының басшысы Амина Лареш макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфляциялық қысымды төмендету бойынша мемлекет қабылдап жатқан шаралардың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асырудың маңыздылығы атап өтті Премьер-министр.



Қор сарапшылары экономикалық өсімнің тұрақтылығын атап өтті. Өңдеу өнеркәсібін, қызмет көрсету салаларын, көлік және құрылыс секторларын дамыту бойынша жүйелі шаралар мұнай өндіру көлемінің қысқаруының орнын толтыруда. Инфляция қарқынын бәсеңдету, салықтық әкімшілендіруді жақсарту және фискалдық саясатты жетілдіру бағыттарында ілгерілеу байқалып отыр. Бұл бағытта инфляциялық тәуекелдерді одан әрі төмендету және квазифискалдық саясатты жақсарту бойынша бірқатар ұсыныс айтылды.

МӘЖІЛІС

СТАЛКИНГКЕ ҚАНДАЙ ЖАЗА КӨЗДЕЛГЕН?

Мәжілісте «Сталкинг және некеге тұруға мәжбүрлеудің алдын алу: заңнама, қорғау және ведомствоаралық өзара іс-әрекет» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежанна Имашеваның төрағалығымен өткен талқылауға депутаттар, жауапты мемлекеттік органдардың өкілдері, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және саладағы сарапшылар қатысты.

Отырыста Снежанна Имашева өткен жылдың тамыз айынан бастап Қазақстанда «сталкинг» ұғымы енгізіліп, оны жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделгенін еске салды. Оның айтуынша, бұл норманың негізгі мақсаты – азаматтарды психологиялық қысымнан қорғау және қудалау фактілерінің физикалық зорлық-зомбылыққа ұласуының алдын алу. «Бүгін бұл мәселелерді талқылауды бастап отырмыз, өйткені заң шығарушылар ретінде қабылданған нормалардың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін білу біз үшін маңызды. Полиция сталкинг туралы арыздарға қаншалықты жедел әрекет етіп отыр? Соттардың қорғау нұсқамалары мен жақындауға тыйым салу туралы шешімдері қалай шығарылуда? Сондай-ақ қудалау құрбандары өз құқықтарын біліп, құқық қорғау органдарына жүгінуден қорықпауы, ал құқық бұзушылық жасауға бейім адамдар жауапкершілікті ұмытпауы үшін халық арасында құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын білу де маңызды» деді комитет төрайымы.

Снежанна Имашева сталкингті қылмыстық жауаптылыққа жатқызу жеке қабылданған шешім емес екенін, оның тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған реформалардың кешенді пакеті аясында жүзеге асырылғанын атап өтті. Осыған байланысты «қалыңдықты алып қашу», сондай-ақ некеге тұруға мәжбүрлеудің өзге де түрлері – күш қолдану, мүлікті жою қаупін төндіру және бопсалау үшін жеке қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Мәжіліс депутатының айтуынша, аталған әрекеттерді қылмыстық жауаптылыққа жатқызуға арналған заңнамалық базаны әзірлеуде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл маңызды рөл атқарған.



Өз кезегінде Омбудсмен Артур Ластаевтың айтуынша, әйелдерді де, ерлерді де некеге тұруға мәжбүрлегені үшін жауаптылық қарастырылған. Мәселен, жоспарланбаған жүктілік болған жағдайда қыздың туыстары немесе ағалары баланың әкесі болуы мүмкін азаматты күш қолданамын деп қорқытып, некеге тұруға мәжбүрлейтін жағдайды мысал ретінде келтірді. «Мұндай тәсіл дұрыс деп есептейміз, өйткені ол халықаралық стандарттарға және гендерлік теңдік қағидатына сәйкес келеді. Сонымен қатар жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік ықтималдығының алдын алып, мемлекеттің адамға бағдарланған саясат пен әрбір азаматтың құқығын қорғау қағидаттарына адалдығын көрсетеді» деді Артур Ластаев.

Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділовтің мәліметінше, биылғы жылдың бес айында «Сталкинг» бабы (ҚР ҚК-нің 115-1-бабы) бойынша 83 қылмыстық іс, некеге тұруға мәжбүрлеу бойынша (ҚР ҚК-нің 125-бабы) 12 қылмыстық іс сотқа жолданған. Өткен жылмен салыстырғанда жағдай айтарлықтай өзгерген. Алғашқы кезеңде жаңа нормалар азаматтар тарапынан да, құқық қорғау органдары қызметкерлері тарапынан да бірқатар сұрақ туындатқан. Бүгінде әйелдер полицияға ашық түрде жиі жүгініп, қудалау, некеге мәжбүрлеу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өзге де түрлері фактілерін жасыруды доғарған. Сонымен қатар әрбір өтініш бойынша қажетті қолдау көрсетіліп, аталған санаттағы істерде қылмыс құрамының белгілері анықталған жағдайда процессуалдық шешімдер жедел қабылданады.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты Наталья Дементьева сталкингті қоғамның қабылдауы мәселесіне және жаңа мәдениетті қалыптастыру қажеттігіне назар аударды. Оның пікірінше, бүгінгі таңда негізгі міндеттердің бірі – заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдірумен қатар, қоғамның сталкинг құбылысына деген көзқарасын өзгерту. Кез келген заң қоғам рұқсат етілген мінез-құлық шекарасын түсінген кезде ғана толыққанды жұмыс істей бастайды. Сталкинг – бұл табандылықтың, қызғаныштың немесе қамқорлықтың көрінісі емес. Бұл адамның жеке шекараларын, қауіпсіздікке, жеке өмірге және таңдау еркіндігіне деген құқығын бұзу болып саналады. Сондықтан Наталья Дементьева айтқандай, қоғамда құдалаудың және психологиялық қысым көрсетудің кез келген түріне төзбеушілік қалыптастыру аса маңызды міндет болып қала береді.

№69 (4967) 13/06/2026 Сенбі

ЕЛОРДАДА ЕМХАНАЛАР КӨБЕЙЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында жаңадан салынатын медициналық нысандар туралы жазды. Ол елорданы барлық бағыт бойынша дамыту жұмысы жүріп жатқанын жазды.

– Алдағы жылдары қалада денсаулық сақтау саласының 11 нысаны бой көтереді, олардың арасында көпбейінді аурухана, заманауи 8 емхана және 2 жедел медициналық жәрдем қосалқы станциясы бар. Негізгі міндеттердің бірі – акушерлік және босандыру қызметтерін дамыту. Соңғы он жылда елордада босану көрсеткіші 35 пайызға өсті. Осыған байланысты жаңадан екі перинаталдық орталық салу туралы шешім қабылдадық. Нысандардың бірін 2027 жылы аяқтаймыз. Бұл екі жобаның жүзеге асуы акушерлік төсек-орындарға деген қазіргі қажеттілікті толық қамтамасыз етіп, елордадағы ана мен бала денсаулығын қорғау жүйесін нығайтуға мүмкіндік береді, – деді әкім.





Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Сарыарқа ауданында 300 орынға есептелген көпбейінді аурухананың құрылысы жүріп жатыр. Қазіргі уақытта №2 қалалық көпбейінді аурухананың жанындағы қабылдау-диагностикалық кешенінің құрылысы аяқталуға жақын.

– Сол сияқты «Нұрлы жол» вокзалы маңында бір ауысымда 350 адам қабылдайтын жаңа емхана жұмысын бастады. Бұдан бөлек, Тельман елді мекенінде емхана құрылысы жүріп жатыр. Келесі жылы тағы екі ірі емхананың, сондай-ақ Өндіріс елді мекеніндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз, – деп жазды Жеңіс Қасымбек.

МИНИСТР МЕКТЕПКЕ КЕЛДІ

Астана қаласындағы №101 мектепте ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың 9-11 сынып оқушылары және педагогтермен кездесуі өтті.

Іс-шара Мемлекет басшысының жасанды интеллект технологияларын орта білім беру жүйесіне енгізу жөніндегі тапсырмаларын және елдің заманауи цифрлық экожүйесін қалыптастыруға, болашақ экономикасы үшін жаңа буын мамандарын даярлауға бағытталған «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясын іске асыру аясында ұйымдастырылды. Кездесу барысында білім беру үдерісінде жасанды интеллектті қолданудың практикалық мысалдары таныстырылды. Қатысушыларға бейне және аудиоталдау арқылы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін бағалап, оқытуды олардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік беретін жүйенің мүмкіндіктері көрсетілді.

Оқушылардың өз бастамаларына ерекше назар аударылды. Мектеп оқушылары жасанды интеллект пен экология саласындағы жобаларын ұсынып, заманауи технологияларға деген жоғары қызығушылығын және оларды қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге пайдалануға дайын екендігін көрсетті. Сондай-ақ педагогтер мен 9-11 сынып оқушылары үшін министрдің ашық сабағы өтті. Оның барысында Жаслан Мәдиев жасанды интеллекттің әлемдік даму үрдістері, Қазақстандағы ұлттық жасанды интеллект экожүйесін қалыптастыру тәсілдері және қарқынды технологиялық өзгерістер жағдайында жастар үшін ашылатын жаңа мүмкіндіктер туралы айтты.



Оқушылармен өткен еркін форматтағы сұхбат барысында мамандық таңдау, болашақта сұранысқа ие болатын дағдылар және жасанды интеллекттің өмірдің түрлі салаларындағы рөлі талқыланды. Қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, Қазақстандағы технологиялардың даму келешегі жөнінде пікір алмасты.

Министрлер ұстаздар мен жоғары сынып оқушылары алдында сөз сөйлей отырып, жасанды интеллектті дамыту кадрларды жүйелі даярлаусыз және ерте жастан цифрлық құзыреттерді қалыптастырмай мүмкін еместігін атап өтті. Сондықтан қазіргі таңда заманауи технологияларды білім беру ортасына енгізу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналып отыр.

ЭЛЕКТРОСАМОКАТТЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАН!

Жыл басынан бері электросамокат пайдаланушылар тарапынан жасалған жол ережесін бұзудың 1200-ден астам дерегі анықталды.

Полиция қызметкерлері қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тұрақты түрде рейдтік және профилактикалық іс-шаралар жүргізіп келеді. Мәселен, бір жағдайда екі кәмелетке толмаған жасөспірім көлік көп жолда бір электросамокатпен жүріп, жол қозғалысы ережелерін бірнеше рет бұзған. Осы дерек бойынша 16 жасқа толған жасөспірімге қатысты әкімшілік хаттама толтырылды. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері оларды тәрбиелеу және күтіп-бағу міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылды.

Полиция еске салады: бір самокатқа екі адам мінгесуге, қозғалыс кезінде телефон мен құлаққап қолдануға, жылдамдықты асыруға және қауіпті маневрлер жасауға тыйым салынады. Жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өткен кезде самокаттан түсіп, оны жаяу алып өтуі тиіс. Электросамокатпен жүруге веложолақтар мен велосипед жолақтарында рұқсат етіледі, ал олар болмаған жағдайда – жолдың оң жақ шетімен жүруге болады. Бұл ретте жүргізуші 18 жастан асқан болуы, кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі болуы, қорғаныш мотошлем киюі және қараңғы уақытта жарық шағылыстыратын элементтерді қолдануы тиіс. Сонымен қатар электросамокат операторларына тіркеу нөмірлерін беру және есепке алу міндеті жүктелген.

Астана қаласындағы №111 жалпы білім беретін мектепте «Заң мен тәртіп әлемі» тақырыбындағы сурет көрмесі ұйымдастырылды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП КӨРМЕСІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Көрме – өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, заң мен тәртіп қағидаттарын насихаттауға және балалардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды тәрбиелік жоба. Оқушылар шығармашылық жұмыстары арқылы қоғамдағы әділдік, қауіпсіздік, жауапкершілік және тәртіп құндылықтарын көркем тілмен бейнелейді.

Жас суретшілердің туындылары заңға құрмет, қоғамдық тәртіп, жол қозғалысы қауіпсіздігі, интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық және жеке қауіпсіздік мәдениеті сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Көрме балалардың тек шығармашылық қабілетін ғана емес, сонымен қатар құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған іс-шаралар білім алушылардың шығармашылық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына ықпал етіп қана қоймай, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, заң мен тәртіпке құрмет сезімін нығайтуға бағытталған.

Іс-шараға оқушылар, педагогтер, ата-аналар қатысты.

– Балаларды білімге заманауи технологиялық үдерістерге баулу да аса қажет. Өйткені XXI ғасыр – ғылым мен жаңа технологиялар дәуірі. Құқықтық сауатылыққа, қоғамды сүюге қазірден баулысақ, болашақта мықты ұрпақ өсіп тәрбиеленеді, – деді ата-ана Гүлфайруз Ескендірова.



ЖАС ПОЛИЦЕЙЛЕР ЖАРЫСТЫ

Астанада ауқымды «Jastar Tolqyny» жобасы аясында құқық қорғау органдарының жас қызметкерлері арасында жарыс өтті. Сайысқа елорданың Сарыарқа, Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарайшық аудандарының намысын қорғайтын алты команда қатысты. Құрама сапына патрульдік полиция қызметкерлері, инспекторлар, тергеушілер және Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының сарбаздары енген.

«Іріктеудегі басты қағидат – жастарымыздың белсенділігі. Біз полицейлердің де қарапайым адам екенін көрсеткіміз келді. Олар да қуанып, бос уақытын белсенді өткізіп, зияткерлік ойындарға қатыса алады. Бұл олардың күнделікті қарбалас әрі жауапты жұмысынан бір сәтке болса да серпіліп, қала тұрғындарымен жақындасуына жақсы мүмкіндік» деді «Астана Жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Дәуіржан Жұмахан.

Жарыстың алғашқы кезеңі зияткерлік куиз түрінде өтті. Байқау кешенді сынақ ретінде ұйымдастырылғандықтан, командаларды алда тағы екі кезең күтіп тұр. Әскери-спорттық және кәсіби кезең тактикалық-спорттық сынақтарды қамтиды. Қатысушылар тактикалық атыс дағдыларын көрсету үшін тирге барады. Сондай-ақ оларды әйгілі халықаралық Dubai Challenge / SWAT Challenge форматына ұқсас әсерлі полицейлік эстафета күтеді. Екінші кезең мамандандырылған автоХҚКО-да жүргізушілік дағдыларын бағалау емтиханымен аяқталады.

Байқаудың қорытынды үшінші кезеңі қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Әр аудан өзіне тән ерекше өнер нөмірін дайындайды – полицейлер ән айтып, би билеп, қазылар алқасын таңғалдыруға тырысады. Қазылар алқасының құрамына қала мен Полиция департаментінің басшылығы өкілдері, сондай-ақ танымал медиа тұлғалар, спортшылар, блогерлер және Қазақстанның мәдениет қайраткерлері енген. Үш кезеңнің қорытындысы бойынша байқаудың салтанатты жабылу рәсімі өтіп, елорданың үздік жас полицейлері марапатталады.



№69 (4967) 13/06/2026 Сенбі



КӨКТАЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ТҰРҒЫНДАР ҚУАНЫШЫ

Астана қаласы мәслихатында ең белсенді депутаттардың бірі – Бауыржан Смайылов. Ол өз сайлау округінің тұрғындарымен жиі кездесіп, өзекті мәселелерін тыңдайды. Бұл мәселелердің оң шешілуіне де зор үлес қосып келе жатыр. Мәселен, осы айдың басынан бері сайлаушыларымен бірнеше рет жүздесті. Онда қаланың дамуына, инфрақұрылымға, тұрмысты жайлы етуге қатысты маңызды мәселелер көтерілді.

Депутаттың Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 24/1 мекенжайындағы тұрғындармен кездесуіне үйге қызмет көрсететін басқарушы компанияның төрағасы мен Сарыарқа ауданы әкімінің инфрақұрылым мәселелері жөніндегі орынбасары Нұржан Алмантаев қатысты.

«Үй үлкен: 7 кіреберіс пен шамамен 700-дей тұрғын бар. Сондықтан тұрғындарды толғандыратын мәселе мен өтініш те аз емес. Бүгінде ең өзекті мәселенің бірі – ауланың тар әрі шағын болуы. Тұрғындар аумақтың мұншама адам санына лайықталмағанын орынды түрде қозғады. Балалар ойнайтын қауіпсіз жері жоқ, сондықтан жиі жолға жүгіріп шығып кетеді, ал төтенше жағдай кезінде арнайы техниканың, соның ішінде өрт сөндіру көліктерінің өтуіне қиындық туындайды. Үйдің жанында орналасқан паркинг те қосымша қолайсыздық туғызады. Сондықтан тұрғындар оны бұзу мүмкіндігін қарастыруды сұрады. Бұдан бөлек, тұрғындар «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында аулаға заманауи балалар және спорт алаңдарын орнатуды сұрап отыр. Құрылыс тығыз орналасқанына қарамастан, балалар мен жастар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта жасау маңызды. Тұрғындар үйдің қасбетінің жағдайына және басқарушы компания төрағасының жұмысына қатысты да сын-ескертпелер айтты. Адамдар осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар мен қаржының жұмсалуы бойынша толыққанды есептің ұсынылмағанына наразылық білдірді. Кездесу барысында көтерілген барлық мәселе бақылауға алынды» дейді Бауыржан Смайылов.

Сондай-ақ депутат Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шәукентаевпен бірге Көктал-2 тұрғын алабының белсенді тұрғындарымен кездесті. Оған қаланың салалық басқармаларының өкілдері де қатысып, бірқатар өзекті мәселені жан-жақты әрі нақты талқылауға мүмкіндік туды.

«Бүгінде Көктал-2 елордадағы ең қарқынды дамып келе жатқан тұрғын алаптардың бірі екенін атап өту керек. Қазіргі таңда мұнда шамамен 40 мың адам тұрады. Сондықтан инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Атап айтқанда, тұрғындарды жол құрылысы мен жөндеу жұмысының сапасы, жол белгілерін салу, бейнебақылау жүйесін дамыту, көшелерді жарықтандыру, нөсер және орталық кәріз жүйелерінің жұмысы, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері алаңдатады» дейді Бауыржан Амангелдіұлы.

Кездесу барысында қосымша бейнебақылау камераларын орнату мәселесіне де ерекше назар аударылды. Тұрғындардың айтуынша, соңғы уақытта тұрғын алап аумағында есірткіні жасырын қойып кетушілердің жиілеп кетуі ата-аналар мен аға буын өкілдерінің алаңдаушылығын туғызып отыр. Жиында көтерілген барлық өтініштер мен ұсыныстар назарға алынып, тиісті салалық басқармаларға нақты тапсырмалар берілді.

Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шәукентаевпен бірге депутат Көктал-1 тұрғын алабының белсенді тұрғындарымен де кездесті. Ашық диалог барысында тұрғындарды толғандырып жүрген бірқатар өзекті мәселе талқыланды. Атап айтқанда, «Наз» мемлекеттік би театры ғимаратының қарсы бетіндегі алаңды жаңғырту, Н.Тілендиев даңғылы бойындағы кәріз қалдықтарын төгу орны, жол белгілерін орнату, көшелерді жарықтандыру және Көктал-1 аумағындағы көшелер мен қоғамдық кеңістіктерге қосымша бейнебақылау камераларын орнату мәселелері көтерілді.

«Тұрғындарды көптен бері алаңдатып келе жатқан мәселелердің бірі – кәріз және су бұру жүйесінің құрылысы. Аталған мәселе Amanat партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына енгізілген және менің ерекше бақылауымда. Осыған дейін де бұл мәселені партия отырыстарында және қала әкімінің қатысуымен өткен мәслихат сессияларында бірнеше рет көтерген едім. Тұрғындар тарапынан айтылған барлық ұсыныстар мен өтініштер назарға алынып, тиісті жұмыс тәртібіне алынады. Округімізді дамыту және қала тұрғындары үшін қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру мәселелерін халықпен тығыз байланыс орнатып қана жүйелі түрде шешуге болатынына сенімдімін» дейді депутат.

Жуырда депутат өзінің сайлау округіндегі нысандарды аралап шықты. Алдымен Абайдың 150 жылдығы көшесіндегі жол құрылысының барысымен танысты. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде аталған мәселені нақты іске асыру кезеңіне жеткізу мүмкіндігі туды. Оның айтуынша, бүгінгі таңда тұрмыстық және нөсерлік кәріз желілері, су құбыры, су бұру жүйелері, байланыс желілері, тұрғын алапқа газ тарту мәселесі де тұрақты бақылауда.

«Жалпы алғанда, барлық жұмыс жоспарға сәйкес және жақсы қарқынмен жүріп жатыр. Қаржыландыру уақытылы бөлінуде. Мердігер ұйымдармен келісілген мерзімдерде барлық жоба толық жүзеге асады деп сенеміз» дейді Бауыржан Смайылов.


Жақында Халықаралық балаларды қорғау күні аясында Көктал-1 тұрғын алабындағы Көкжиек көшесі, 4 мекенжайында мемлекеттік балабақшаның ашылу салтанаты өтті. Тұрғын алап тұрғындарының қуанышына Бауыржан Амангелдіұлы ортақтасып қайтты.

Оның айтуынша, бұған дейін бұл ғимаратта колледж орналасқан еді және ол ұзақ уақыт бойы бос тұрған. Бауыржан Смайыловтың бастамасымен нысанды мемлекеттік балабақша ретінде қайта жаңғырту ұсынылды. Бұл мәселе депутаттың сайлауалды бағдарламасында да қамтылған. Сол бастаманың нақты нәтижесі болды.

«Өткен жылы ғимаратты қайта жаңарту жұмысына қалалық бюджеттен 300 миллион теңге бөлінді. Осы уақыт ішінде құрылыс жұмысы толық аяқталып, қажетті жиһаздар, құрал-жабдықтар, дамытушы материалдар мен балалар ойыншықтары сатып алынды. Сонымен қатар балабақша аумағы абаттандырылып, заманауи шағын сәулет нысандары мен ойын алаңдары орнатылды» дейді депутат.

Ашылу салтанатына сонымен қатар Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев қатысты. Жақын уақытта жаңа балабақшаға тұрғын алаптың 85 баласы бара алады. Сонымен қатар мекеменің мүмкіндігін кеңейту және екінші корпусты іске қосу мәселесі бойынша жұмыс жалғасады. Бұл өз кезегінде тәрбиеленушілер санын 150 балаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

«Балабақшаны аралау барысында балалар үшін шын мәнінде жайлы әрі заманауи жағдай жасалғанына ерекше қуандым. Мұнда кең әрі жарық топтық бөлмелер мен жатын бөлмелер, жайлы дәліздер, психологиялық демалыс кабинеті қарастырылған. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында музыкалық аспаптармен және интерактивті тақтамен жабдықталған үлкен музыка залы бар. Бұл жерде түрлі мерекелік іс-шаралар, концерттер, дамытушы сабақтар мен басқа да тәрбиелік шараларды жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік жасалған» дейді Бауыржан Смайылов.



БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы мәслихатының отырысында қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының осы жылдың бірінші тоқсанындағы жұмысы қаралды.



Басқарма басшысы Ерлан Жүсіпов баяндама жасап, халықты жұмыспен қамту, азаматтарды әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Оның айтуынша, елордада көрсетілетін қызметті алушылар санының 20%-ға өсімі байқалады, бұл әлеуметтік салаға бюджет шығындарының ұлғаюына әкеп соғады. Басқарма 22 мемлекеттік қызмет көрсетеді, бұл ретте, олардың барлығы уақытылы және белгіленген мерзімдерді бұзбай, негізінен, электрондық форматта ұсынылады.

Отырыс барысында депутаттар азаматтарды жұмысқа орналастыру, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру, атаулы әлеуметтік көмек көрсету, мүмкіндігі шектеулі адамдарды және халықтың басқа да әлеуметтік қатар тұрғын үй жәрдемі бойынша әлеуметтік және бұқаралық ақпарат құралдарында халықпен ақпарат жұмысын күшейтуді ұсынды. Бюджет қаржысын тиімді жұмсаудың маңызына тоқталып, шығындардың өсіміне емес, іске асып жатқан бағдарламалардың нәтижелігіне жұмыс істеу керектігін атап өтті.

Мәслихат депутаты Мәдина Әжікенова елорда халқының саны тұрақты өсуде екенін, қазір тұрғындар саны 1,6 миллионнан асқанын айта келе, халық санының өсуі әлеуметтік инфрақұрылым мен жұмыспен қамту саласына түсетін жүктемені де арттыратынын тілге тиек ете келе, осыған байланысты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту бағытындағы



осал топтарын қолдау жөніндегі жұмыстардың нәтижелері туралы хабардар етілді.

Әлеуметтік салада цифрлық және инновациялық шешімдерді енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Елордада «Яндекс Go» сервисі арқылы қызмет көрсету бойынша қанатқақты жобаны іске асыру жалғасуда, «Smart Astana» мобильдік қосымшасы дамуда, Астана қаласының «Birge» бірыңғай цифрлық порталы арқылы инватакси қызметтері көрсетілуде, заманауи технологиялар, соның ішінде кресло-арбаны басқаруға арналған ақылды капа енгізілуде. Сондай-ақ аға буын азаматтарының өмір сүру сапасын арттыру үшін 2022 жылғы қаңтарда құрылған Астана қаласы әкімдігі Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қызметі аталып өтті.

Мәслихат депутаты Кендебай Адамбек Астананың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының және 2026-2030 жылдарды қамтитын осы жоспар индикаторларының орындалуына жіті көңіл бөлуді ұсынды. Сондай-ақ Цифрландыру мен жасанды интеллектінің 2029 жылға дейінгі стратегиясының дамуын осы басқармада бөлек қарастыруға кеңес берді. Сонымен жұмыстар күшейтілуде екенін атап өтті. Оның мәліметінше, қазіргі таңда 220 мыңға жуық азамат әлеуметтік қолдауға мұқтаж. Сонымен қатар жыл басынан бері 162 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның 93,9%-ы электрондық форматта ұсынылған. Оның пікірінше, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік қолдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын құру басты басымдықтардың бірі болып қала беруі керек.

Сонымен қатар депутаттар білім беру ұйымдары, жұмыс берушілер және уәкілетті мемлекеттік органдар арасында тығыз өзара іс-қимыл құру арқылы еңбек нарығы үшін кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру қажеттігіне назар аударды. Еңбек ұтқырлығы орталығының қызметі және азаматтарды жұмысқа орналастыру жөніндегі шаралардың тиімділігі мәселелері жеке қаралды. Депутаттар халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге жауапты мамандар жұмысы нәтижелілігінің нақты көрсеткіштерін енгізу маңызын атап өтті. Уәкілетті органға жұмыстың тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған тиісті тапсырмалар берілді.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ӘКЕНІҢ РӨЛІ – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ БОЛУ

Биыл елімізде «Әкелер күні» үшінші мәрте аталып өтпек. Бұл мереке биыл 21 маусымға сәйкес келіп тұр. Осыған орай біз Республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, Астана қалалық филиалының төрағасы Бекдайыр Күзембаймен сұхбаттастық. Сұхбат барысында ол әкелер институтының қоғамдағы рөлі мен отбасы құндылықтарын нығайту бағытындағы жұмыстар туралы пікір білдірді.



– Бекдайыр Нығметұлы, Астана қаласында «Әкелер одағы» филиалы қай жылы ашылды және бұл ұйымның мақсаты қандай?

– Республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі алғаш рет 2011 жылы бастама ретінде құрылып, 2012 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде ресми тіркеуден өтті. Содан бері ұйым заңды түрде қызметін жалғастырып келеді. Оның Астана қалалық филиалы 2023 жылы ашылды. Бұл бастама «Халықаралық әкелер күніне» байланысты көтерілген. Маусым айының үшінші жексенбісінде атап өтілетін мереке қарсаңында елордада «Әкелер одағының» филиалы жоқ екені айтылып, мәселе күн тәртібіне шыққан. Сол кезде Астана қаласының әкімі республикалық ұйым басшылығына елордада міндетті түрде филиал болуы қажет екенін жеткізген. Осы ұсыныстың негізінде 2023 жылы Астана қалалық филиалы құрылып, өз жұмысын бастады. Ұйымның негізгі мақсаты – әкелердің қоғамдағы рөлін арттыру. Сонымен қатар жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, ата-ананы құрметтеуге баулу, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау және табиғатты аялау сияқты құндылықтарды насихаттау да – ұйым қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Мен қалалық филиалға сол 2023 жылдан бері жетекшілік етіп келемін.

– Елімізде «Әкелер күнінің» аталып өту себебі неде деп ойлайсыз?

– «Әкелер күні» Қазақстанда Үкімет қаулысымен 2023 жылы бекітілген болатын. Биыл бұл мереке елімізде үшінші рет аталып өтеді. Жалпы, елімізде «Әкелер күнін» атап өтудің басты мақсаты – балалардың ата-анасына деген құрметін арттыру, әкенің және ананың отбасындағы рөлін дәріптеу, отбасы құндылықтарын нығайту. Өйткені отбасы – қоғамның ең маңызды институттарының бірі. Сондай-ақ биыл «Әкелер күні» қарсаңында, яғни, 17 маусым күні Астанада қалалық «Әкелер форумын» өткізуді жоспарлап отырмыз. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтетін форумға 300 әке қатысады деп жоспарланған. Оған қоғам және мемлекет қайраткерлері, түрлі қоғамдық ұйымдардың белсенді өкілдері, сондай-ақ Астана қаласындағы мектептер мен колледждердің әкелер кеңесінің төрағалары қатысады. Іс-шара TEDx форматында өтіп, үш негізгі тақырыпқа арналады. Олар – «Заң мен тәртіп» қағидаты, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы және цифрлық дәуірдегі, оның ішінде жасанды интеллект жағдайындағы заманауи әкенің рөлі. Форум аясында қатысушылар еркін пікір алмасып, қоғамдағы өзекті мәселелер мен бала қауіпсіздігіне қатысты маңызды тақырыптарды талқылайды. Форумның басты мақсаты – заманауи қоғамдағы әкенің рөлін айқындап, бала қауіпсіздігі мен тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді бірге талқылау және ортақ шешімдер ұсыну.

> Қазіргі таңда ұйымның еліміздің барлық өңірлерінде филиалдары жұмыс істейді. Негізгі мақсат – бала тәрбиесіне үлес қосу. Баланы еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке баулу арқылы өз елін сүйетін, ана тілін құрметтейтін ұрпақ қалыптастыру көзделеді. Бізде ең басты құндылықтар – ана тілі, салт-дәстүр және ұлттық мәдениет

– «Әкелер одағында» қазір қандай жұмыстар жүріп жатыр, жұмыстың нәтижелері бар ма?

– «Әкелер одағының» жұмысы барысында бір маңызды нәрсені түсіндік: ең алдымен баланы емес, ата-ананың өзін тәрбиелеу керек екен. Себебі бала – ата-ананың айнасы. Біз алғашында күш-жігерімізді негізінен, бала тәрбиесіне бағыттаған едік. Алайда оның нәтиже бермегенін байқадық. Зерттей келе, отбасы ішіндегі кикілжіңдер мен ата-аналардың қарым-қатынасы баланың тәрбиесіне тікелей әсер ететінін түсіндік. Халқымыздың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақылы осыны дәлелдейді. Сондықтан біз бала тәрбиесін отбасы тәрбиесінен бөліп қарауға болмайды деген ұстанымға келдік. Осы себепті соңғы жылдары ата-аналармен жұмысты күшейттік. Қазіргі таңда көптеген ата-ана заманауи қоғамдағы өзгерістерге байланысты бала тәрбиесінде қандай әдіс қолдану керектігін білмей жатады. Бір жағынан, ата-аналар дәстүрлі тәрбиенің бұрынғы тәсілдері толық нәтиже бермейді, екінші жағынан, заманауи әдістердің мәнін терең түсіне бермейді. Сондықтан біз ата-аналарға бағыт-бағдар беруге басымдық беріп отырмыз.

Үш жыл ішінде бұл бағыттағы жұмыстардың оң нәтижесін көріп келеміз. Қазіргі таңда «Әкелер одағы» құрамында әртүрлі саланың мамандары бар. Олардың қатарында психологтар, әскери қызметкерлер, кәсіпкерлер, қаржы саласының сарапшылары, мемлекеттік қызметкерлер және басқа да тәжірибелі азаматтар бар. Біз оларды ата-аналар жиналыстарына спикер ретінде шақырып, өз тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік береміз. Бұл ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін тереңірек түсінуіне ықпал етеді.

Сонымен бірге, қазіргі таңда ұйымның еліміздің барлық өңірлерінде филиалдары жұмыс істейді. Негізгі мақсат – бала тәрбиесіне үлес қосу. Баланы еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке баулу арқылы өз елін сүйетін, ана тілін құрметтейтін ұрпақ қалыптастыру көзделеді. Бізде ең басты құндылықтар – ана тілі, салт-дәстүр және ұлттық мәдениет. Осы үш ұғым бір арнада тоғысқанда ғана ұлттық болмысы қалыптасқан, рухы биік ұрпақ тәрбиелеуге болады. Сондықтан да негізгі міндет – балалардың білім, ғылым және тәрбие бағыттарын қатар меңгеруіне жағдай жасау. Бұл бағыттағы жұмыстар – Астана қалалық «Әкелер одағы» филиалының да басты басымдықтарының бірі. Одан бөлек бүгінде елімізде «Аналар кеңесі» мен «Әкелер одағы» бірлесе жұмыс істеп, ата-аналар институтын нығайтуға үлес қосып келеді.

– Бала тәрбиесінде әкенің орны қаншалықты маңызды?

– Қазақ халқында әке мен ананың, бала мен отбасының орнын айқындайтын терең мағыналы қанатты сөз бар: «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ». Бұл ұғым отбасындағы әрбір мүшенің орнын айқын көрсетеді. Әке – әрдайым биік, берік тірек, отбасының қорғаны болса, ана – сол биік таудың жанындағы мөлдір бұлақтай мейірім мен тазалықтың символы. Осындай үйлесім болған жағдайда ғана ұрпақ тамыры тереңге жайылып, жапырағы жайқалған бәйтерек секілді өсіп-өркендейді. Жақында ғана елімізде «Аналар күні» кең көлемде аталып өтті. Енді елімізде «Әкелер күні» де жоғары деңгейде тойланбақ. Осы орайда әрбір ата-ананың берген батасы мен көрсеткен өнегелі жолы ұрпақ тәрбиесінің берік негізі боларына сенім мол. Сол тәрбиенің нәтижесінде ел болашағын алға сүйрейтін саналы, тәрбиелі ұрпақ өсіп шығуы – ортақ мақсат.

– Әкелер қауымына қандай тілек айтар едіңіз?

– Қазіргі таңда қазақстандық әкелердің алдында тұрған өзекті мәселелер аз емес. Мемлекет басшысының Жолдауында атап өтілген бес кеселдің ішінде қоғамды алаңдататыны – тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі. Бұл құбылыс ұлттық болмысымызға жат. Қазақ халқының тарихына көз жүгіртсек, ата-бабамыз ел мен жер үшін еңбек етіп, ұрпағына кең байтақ даланы мұраға қалдырды. Сол аманатты сақтау – бүгінгі ұрпақтың қасиетті міндеті. Осы тұрғыда әкелерге айтар басты өтініш – бойдағы күш пен қуатты отбасыға қарсы емес, керісінше елдің дамуына, ұрпақ тәрбиесіне бағыттау. Қазақ қоғамында әйелге құрмет көрсету, отбасы ішіндегі сыйластық пен ізет әрдайым жоғары болған. Бұл – біздің мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің ажырамас бөлігі. Қазіргі таңда құқық қорғау органдарымен бірлесіп өткізілетін профилактикалық жұмыстар барысында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған азаматтарды көріп, жанын ашиды. Бұл жағдай әрбір әкені ойландыруы тиіс.

Сонымен бірге, бүгінгі қоғамда ең үлкен қауіптің бірі – ақпараттық кеңістіктегі теріс ықпал. Әлеуметтік желілер мен түрлі цифрлық платформалар арқылы таралатын жағымсыз ақпарат та жас ұрпаққа әсер етуде. Сондықтан ата-ана ретінде балаларды дұрыс бағытқа тәрбиелеу, өзіміз де пайдалы білім мен еңбекті таңдауға ұмтылу маңызды. Әрбір әке – отбасының тірегі, елдің қорғаны. Сол себепті Президент тапсырмаларын қолдап, қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмірді нығайтуға үлес қосу – ортақ міндет. Парасатты әке болу – бүгінгі күннің басты талабы.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Айта кетейік, Бекдайыр Нығметұлы Күзембай – сондай-ақ Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Астана қаласы әкімдігі жанындағы жасөспірімдердің құқықтарын қорғау комиссиясының мүшесі, «Бала толағай» федерациясының президенті, ІІМ қоғамдық кеңесін құру жөніндегі жұмыс тобының комиссия төрағасы және Астана қаласы әкімдігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі.

Сұхбаттасқан
Думан АМАНЖОЛ

АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ: АУТРИЧ-ЖҰМЫС ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

АИТВ инфекциясы бүкіл әлемде қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі болып қала береді. Қазіргі медицинаның жетістіктері мен тиімді профилактика әдістерінің бар болуына қарамастан, вирустың таралуы халықтың түрлі топтары арасында әлі де жалғасуда. Қазақстанда АИТВ-ның алдын алудың ең тиімді құралдарының бірі – аутрич-жұмыс. Ол жұқпалы ауруды жұқтыру қаупі жоғары топтағы адамдарды қамтуға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолданыстағы ережелеріне сәйкес, аутрич-жұмыс «тең-теңімен» қағидаты бойынша жүргізілетін қызметті білдіреді. Ол медицина мекемелеріне, сенім пункттері мен достық кабинеттеріне бармайтын халықтың негізгі топтарының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған. Жұмыс тікелей осы топтардың өкілдері шоғырланған жерлерде, сондай-ақ емделуге бейілділікті қолдау және инфекцияның әрі қарай берілуінің алдын алу үшін АИТВ-мен өмір сүретін адамдар арасында жүргізіледі.

«Аутрич» терминінің өзі медициналық немесе әлеуметтік көмекке өз бетінше жүгінуі қиын адамдармен байланыс орнату үшін мамандардың қауымдастыққа шығуын білдіреді. Мұндай тәсіл профилактика қызметтерін оған ерекше мұқтаж жандарға жақындатуға мүмкіндік береді.

Аутрич-қызметкерлер – бұл халықтың негізгі топтарының өкілдері, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар немесе олардың арнайы дайындықтан өткен жақын ортасы. Қауымдастық ішіндегі сенімнің арқасында олар АИТВ-ның алдын алу, тестілеу және емдеу туралы ақпаратты тиімді жеткізе алады.

Аутрич-қызметкерлердің негізгі міндеттері:

- АИТВ-ның берілу жолдары мен алдын алу шаралары туралы ақпараттандыру;
- қауіпсіз мінез-құлық мәселелері бойынша кеңес беру;
- алдын алу құралдарын тарату;
- АИТВ-ға тестілеуден өтуге ынталандыру;
- клиенттерді медицина ұйымдарына ертіп бару;
- антиретровирустық терапия алатын адамдарды қолдау.

Аутрич-тәсіл – халықтың негізгі топтары арасындағы алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі. Мұндай топтардың көптеген өкілдері стигмамен, кемсітушілікпен немесе ресми құрылымдарға деген сенімсіздікпен бетпе-бет келеді, сондықтан көмек сұрап өздігінен жүгіне бермейді. Аутрич-қызметкерлер бұл кедергілерді еңсеруге көмектесіп, қажетті қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.



Аутрич-қызметтің аясында мыналар жүргізіледі: ақпарат-түсіндіру жұмыстары; АИТВ-ға экспресс-тестілеу; мүшекаптар мен басқа да алдын алу құралдарын тарату; тексеруге және емделуге жолдама беру; АИТВ-ның қатынасуға дейінгі профилактикасы (PrEP) туралы ақпараттандыру.

Қазақстанда аутрич-қызметті мемлекеттік АИТВ-ның алдын алу орталықтары, үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады. Соңғы жылдары мемлекет ҮЕҰ-мен ынтымақтастықты кеңейтуде, өйткені олар халықтың негізгі топтарымен жұмыс істеуде үлкен тәжірибеге ие. Жұмыстың дәстүрлі әдістерінен бөлек, заманауи коммуникация құралдары: әлеуметтік желілер, сайттар, чат-боттар және онлайн-кеңес беру қолданылады. Бұл көбірек адамды қамтуға және оларды алдын алу мен емдеу мүмкіндіктері туралы дер кезінде құлағдар етуге мүмкіндік береді. Біздің елімізде АИТВ-ның қатынасуға дейінгі профилактикасы (PrEP) бағдарламасы да дамып келеді, ол жоғары қауіп тобындағы адамдар арасында вирусты жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Аутрич-қызметкерлер халықты бұл мүмкіндік туралы ақпараттандыруда және клиенттерді қызметті алуға сүйемелдеуде маңызды рөл атқарады.

Осылайша, аутрич-жұмыс – Қазақстандағы АИТВ инфекциясының алдын алу жүйесінің маңызды элементі. «Тең теңімен» қағидатының арқасында мамандар медицина көмегіне сирек жүгінетін адамдарға жол табады. Клиенттерді ақпараттандыру, кеңес беру, тестілеу және сүйемелдеу АИТВ инфекциясын уақытылы анықтауға, оның таралу қаупін азайтуға және АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі. Аутрич-бағдарламаларды дамыту Қазақстандағы АИТВ-мен күрестің негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. АИТВ-ның алдын алу ақпараттандырудан басталады, ал қоғам денсаулығы әрбір адамға деген қамқорлықтан құралады.

А.ИДРИСОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК алдын алу жұмыс бөлімінің дәрігер эпидемиологы

№69 (4967) 13/06/2026 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

АДАМДАР БІР-БІРІН ҚОРЛАУҒА НЕГЕ БЕЙІМ?

Еңбек ұжымдарындағы ахуалдың өте жақсы болуы сирек. Бірінде достық қалып пен жанашырлық салтанат құрса, екінші бірінде бітпейтін жанжалдар мен қысым орнығады. Кейбір жағдайларда алауыздық бір қызметкерге жүйелі түрдегі қысымға ұласып жатады. Бұл құбылыс моббинг деп аталады. Оны кеңседегі қарапайым қызметкерден бастап ірі корпорацияның топ-менеджерлері де басынан кешуі мүмкін. Не себептен адамдар бір-бірін келемеждеуге, қорлауға бейім болады? Моббингтің түп тамыры неде және онымен қалай күресіп, қалай жеңуге болады? Осы мәселені терең, ашық зерттеп, қоғамдық пікірдің талқысына шығаруды жөн көрдік.



МОББИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

«Моббинг» деген термин ағылшын тіліндегі mob – «тобыр» деген сөзден шыққан, mobbing – «топ адамның бір адамды қорлауы» деп аударылады. Бұл терминді алғаш еңбек ұжымдарына зерттеу жүргізген швед психологы Хайнц Лейман қолданды. Ол ұжымдағы кез келген қызметкердің жәбірлеуге ұшырайтынын анықтады. Ұжымдағы моббинг дегеніміз – бұл әріптестерінің немесе басшылықтың бір қызметкерге жүйелі түрде психологиялық қысым жасауы. Ол кемсіту, оқшаулау, троллинг, қорқыту формасында көрініс табады. Енді моббингтің негізгі себептеріне келейік.

Біріншісі – қызғаныш (күншілдік) пен кек. Ұжымдағы бір қызметкердің кәсіби тұрғыдан көп жетістікке жетуі кейбір әріптестерінің наразылығын туғызады. Табысының тәжірибесінен үйренгеннің орнына беделін түсіру үшін қысымға алып, қудалайды. Табысты қызметкердің қомақты сыйақы алуы, жаңаша өмір сүру салты, шығармашылығын кеңінен насихаттауы қызғанышты өршітіп жібереді. Мұндайда күншілдіктің кекшілдікке ұласуы оңай. Әр адамның бойында өзгеге бір қорлық көрсетуге деген икемділік бар. Осы арқылы табысы артқан әріптесіне деген қызғаныштан моббинг жасаушы топқа қалай қосылғанын аңғармай қалады. Ал қызғанышын сәл де болса бәсеңдету үшін моббинг құрбанының сағын сындыруға, жанын жәбірлеуге ұмтылады. Осылайша, рахаттану, ләззат алу сезімін басынан кешеді.

Екіншісі – біліксіз басшы. Егер ұжымдағы басшының командаңы басқару қабілеті төмен болса, я болмаса өзі қызметкерлерге қысым жасаудың агрессивтік тәсілдерін қолданса, ол жерде үрейлі орта қалыптасады. Ондай кезде өзі моббингтің құрбанына айналмас үшін қызметкерлердің бір бөлігі қудалауды бірден қолдайды. Кей кездері пікірлердің өзгешелігі жұмыстағы жанжалдың тууына себеп болады. Мұндайда алауыздық жеке адамдардың арасындағы өшпенділікке ұласып, моббингке итермелейді.

Үшіншісі – бұрынғылар мен жаңалардың арасындағы жанжал. Кейбір ұжымдарда «жаңадан келгендер сынақтан өтуі керек» деген жазылмаған ескі ереже бар. Мысалы, бір ұжымға жаңадан жұмысқа тұрған адамды әдейілеп елемейді, керексіз жұмыс жүктеп, келеке етеді. Осылайша ұжымға «жайлылығын» тексереді.

Төртіншісі – агрессия мен айла-амалға бейімділік. Егер ол адамның балалық шағында буллингке бейімділігі болса, есейгенде де сол мінез-құлығын қайталайтынына ықтималдық жоғары. Олар ұжымда сақтықпен, астыртын іс-әрекет етеді: әріптесінің беделін түсіреді, пыш-пыш әңгіме таратады, сөйтіп моббингтің құрбанын ыңғайсыз жағдайда қалдырудың айла-амалын жасайды.

ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Ұжымдағы моббинг дүние жүзіне кең таралған. Статистика деректерінен бұл құбылыстың ауқымы түрлі аймақта айтарлықтай және алуан түрлі екенін көреміз. Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) мәліметі бойынша әлемдегі әрбір бесінші адам жұмыста зорлыққа немесе қудалауға тап болады. Алайда зардап шеккендердің жартысы (қалғаны бұл әрекеті ешбір нәтиже бермейді деп ойлайды) ғана еңбек құқығының бұзылғанын құзырлы мекемелерге хабарлаған. ЕуроОдақ елдерінде жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қызметкерлердің 5-тен 30 пайызға жуығы моббинг құрбаны болғанын ашық айтыпты. Мысалы, Германияда бұл көрсеткіш – 17 пайыз, Ұлыбританияда – 13-28 пайыз аралығында. Ал Үндістанда жұмысшылардың 55 пайызы қудалауға ұшырайды екен. АҚШ-тағы моббинг көрсеткіші – 30 пайыз.

ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Енді моббингтің түрлеріне келейік. Психологиялық қысым өзінің ауқымы, іске асыру тәсілі және мақсаты бойынша бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Ол ашық не жабық болуы мүмкін, ұжымдағы басшылықтан не әріптестер тарапынан болуы мүмкін, кейде басқару құралы ретінде қолданылады. Басшылықтың қатысу дәрежесі бойынша екі санатқа бөлінеді. Тікелей моббинг (боссинг) – басшылықтағы адамның қызметкерін қудалауы. Мұндайда ұжымның басшысы өз қызметкерін жұрттың көзінше кемсітіп, жұмыстағы (шығармашылық) жетістіктеріне көзін жұмып қарап, басқа қызметкерлерін өз құрбанына қарсы қойып, ұжымды пайдаланып айла-амалын іске асырады. Көлденең (жасырын) моббинг – қызметкермен бір деңгейдегі әріптестерінің тарапынан болатын қудалау. Бұған сыртынан ғайбаттау, жағымсыз пікір қалыптастыру, ұжымда беделін түсіруге талпыну сияқты іс-әрекеттер жатады. Сондай-ақ моббинг көрініс табуы бойынша екіге бөлінеді: ашық моббинг – тікелей агрессия, қорлау, кемсіту, жұрттың көзінше ұрыс-керіс шығару, қоқанлоқы жасау немесе физикалық күш қолдану; жабық моббинг – жұмыс барысында әдейілеп қиындықтар туғызып, сағын сындыру, шығармашылық жетістіктерін елемеу, мансап жолымен өсуіне кедергі келтіру түрінде көрінеді. Бұдан бөлек, моббингтің мынадай да түрлері көп кездеседі: стихиялық моббинг, диджитал-моббинг немесе кибермоббинг.

Моббингке, негізінен, екі адам қатысады: агрессор мен жәбірленуші (агрессия құрбаны). Агрессорлардың мінез-құлқының жалпыға ортақ мынадай ерекшеліктері бар: билікті уысынан шығармау, эмпатияның жоғы, жанжал шығаруға бейімділік. Сондай-ақ әлеуетті құрбандарға да ортақ мынадай қасиеттер бар: керексіз жұмсақтық, өзінөзі төмен бағалау, әлеуметтік жағынан оқшаулану. Мысалы, жанжалдан қашуға бейімділік және бәріне жағуға ұмтылу дегенді өзгелер түсінбеуі мүмкін, ал мұндай қызметкер агрессордың нысанасына дөп келеді. Бұл жердегі бір анық нәрсе – кез келген адам, тіпті ұжымдағы тәжірибелі, табысты, өзіне-өзі толық сенімді маман да моббингтің құрбанына айналуы мүмкін. Өйткені агрессор өзіне бәсекелес болатын қызметкерді жасырын қудалап, моббингті билікті сақтап қалу құралы етіп пайдаланады немесе қызғаныштан осындай әрекет жасайды. Кейде өзге әріптестерінен білім-білігі жоғары, әлі ұжымға «сіңіп» үлгермеген жаңа қызметкер де қорлауға тап болады.

ҚОРЛАНҒАН АДАМНЫҢ АҒЗАСЫНА ҚАНДАЙ ЗИЯН КЕЛЕДІ?

Енді моббингтің негізгі 5 даму кезеңін тарқатып көрейік. Бұл құбылыстың кенеттен пайда болуы сирек, ол көбінесе бірнеше кезеңде өтеді. Осы кезеңдерде жәбірленушінің психологиялық ахуалы бірте-бірте нашарлай береді. Жанжалдық фазада алғашқы қысым сезіледі. Бұған жұмыс барысындағы кішкене бір дау-дамай, әріптестердің қызғанышы немесе қызметкердің басшысымен арадағы түсіністеушілік себеп болуы мүмкін. Ал агрессия фазасында арадағы жағдай бейбіт жолмен шешілмеген соң, психологиялық қысым күшейе түседі. Жәбірленушінің беделін түсіру үшін негізсіз сын айтылып, сыртынан өсек тарату белең алады. Ал агрессор жәбірленушіні ұжымға пайдасы жоқ адам етіп көрсету мақсатымен жоғарыдағы басшылыққа шығады. Бұл жерде үлкен ұжым басшысының әділдігі, тазалығы рөл ойнайды. Егер ол айла-шарғыға бейім адам болса, моббингті қолдайды. Ал әділдікті жақтайтын жан болса, жәбірленушіні қорғайды. Күйелеу-қаралау фазасында агрессор «проблемалық» қызметкерді бәрінен шеттетіп, жұртқа жеккөрінішті адам етіп көрсетіп, ұжымды да одан алшақтауға үндейді. Соңғы фазада жәбірленуші қысымға шыдамай, өз еркімен жұмыстан кетеді. Я болмаса бәріне көнуге шешім қабылдап, психологиялық шырмауда қалады. Бірақ күйзеліс пен уайым оның денсаулығына үлкен зиянын тигізеді. Басшысы мен әріптестерінің бітпейтін қысымы эмоционалдық тұрғыдан әлсіреуге әкеледі. Депрессия мен үрейлі, жабырқау күйде болған адамның жұмысқа деген ынтасы азайып, селқостыққа бой алдырады. Күнделікті стрестен ұйқысы қашып, көзі ілініп кетсе, қорқынышты түс көреді. Осы кезде жәбірленуші бар кінәні өзінен іздеп, тығырыққа тіреледі. Паранойя мен шамадан тыс үрейге берілу, үнемі жеккөрінішті болудан шаршау да адамның жанын ауыртады. Жиналып қалған стресс психиканы ғана емес, тұтас ағзаны бүлдіреді. Моббингтің зардабынан қорланған адам жүрек-қан тамырлары дертіне шалдығуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, моббингке ұшыраған адамдардың 59 пайызы инфаркт пен инсультке тап болады. Созылмалы стресс иммундық жүйеге зиянын тигізіп, диабеттің 2-түріне әкелуі мүмкін. Моббинг құрбандарының 35 пайызында тамаққа тәбеті жоқтықтан я болмаса көп ішкеннен салмағы жиі-жиі өзгереді. Қорлауға тап болған қызметкерлердің 28 пайызы стресті жеңу үшін спирттік сусындарға, дәрі-дәрмекке ден қояды. Осы жерде диджитал-моббинг туралы да айта кетейік. Цифрлық технологиялар дамыған сайын моббингтің жаңа формалары пайда болды. Бұрын біреуді бетпе-бет, я болмаса кеңседе жәбірлейтіндер енді ұжымдық чаттарда, әлеуметтік желілерде қудалауға кірісті. Моббингтің бұл түрінің бір қауіптілігі: айналадағы адамдарға көрінбейді; әлеуметтік оқшаулау моральдық жағдайға қатты әсер етеді; цифрлық кеңістіктегі кемсітудің түрлі амалы жасалады. Сарказмға толы пікірлер, мемдер мен гифтерді қолдану арқылы жәбірленушінің ар-намысын аяққа басады. Моббингтің бұл түрімен күресудің озық тәжірибесі бар. Соның бірі – цифрлық этиканы қабылдау.

ЖӘБІРЛЕНУШІ ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ?

Егер сіз моббингтің құрбаны болсаңыз, тығырыққа тірелдім деп ойламаңыз. Көптеген елде бұл құбылыс адамның еңбек ету құқығының өрескел бұзылуы ретінде қарастырылады. Ең бастысы, жәбірленушінің қолында айғақ пен дәлел болуы тиіс. Олардың қатарына әріптестердің куәлік етуі, корпоративтік чаттағы жазбалардың скриншоты, жанжал болған күндердің рет-ретімен қағазға түсірілген күнделігі жатады. Өркениетті елдерде қарапайым қызметкердің бұзылған құқығын қорғайтын заңдар бар. Мәселен, Франция, Швеция, Канада және т. б. елдерде психологиялық қысымнан қорғайтын арнайы заң қабылданған. Украина Радасы 2022 жылы 1 желтоқсанда моббингті еңбек құқығының бұзылуы ретінде танитын заң шығарды. Мұндай заң бұзушылыққа барған адамға әуелі 1700-2550 гривен көлемінде айыппұл салады немесе 20-40 сағат қоғамдық жұмысқа жібереді. Ал бізде осындай заң бар ма? 2026 жылы 3 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?


«Осы заң моббингке ұшыраған адамның құқығын қорғай ала ма?» деген сауалды сарапшыларға қойдық.

Руслан РҮСТЕМОВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:



– Еңбек кодексінің 6-бабына сәйкес, еңбек құқығын іске асыру кезінде ешкім де ешқандай кемсітушілікке (соның ішінде басшының жеке көзқарасы бойынша қысым көрсетуіне) ұшырамауға тиіс. Кемсітушілікке тап болған жұмыскер құзырлы органдарға жүгіне алады, ал моббинг салдарынан (психологиялық қысым) келтірілген моральдық зияны бойынша сотқа жүгінуге құқылы. Ешкімді де еңбек құқығын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе өзге де мән-жайлар бойынша ешқандай кемсітуге болмайды. Бұл ретте еңбек саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа, Мемлекеттік еңбек инспекциясына жүгінуге немесе медиация арқылы шешуге құқылы. Осылайша, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 90-бабына сәйкес, еңбек саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, 30 айлық есептік көрсеткіштен бастап 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік жауаптылық қарастырылған.

Бибігүл АҒЫБАЕВА, Еңбек қатынастары саласы бойынша сарапшы:



– Президент 3 маусымда қол қойған заңда еңбек адамының ар-намысы, қадір-қасиеті деген жаңа қағидат пайда болды. Ал қағидат дегеніміз – кез келген заңның негізі. Еңбек кодексіндегі барлық норма 14 қағидаттың негізінде қабылданады. Сол қағидаттарға сәйкес, ұжымдардың ішкі тәртібіне өзгеріс енгізіледі. Мысалы, этикалық кодекс болмаған ұжымда сондай құжатты жазып, әріптестердің бір-бірінің ар-намысына, қадір-қасиетіне, жеке өміріне қол сұқпау ережелері сол жерде бекітілуі тиіс. Егер жеке тұлғалардың арасында белгілі бір келіспеушілік болса, мысалы бір-біріне жаман сөз айту арқылы ар-намысына тисе, іскерлік беделіне нұқсан келтірсе, оған әкімшілік жауапкершілік бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-3-бабына сәйкес, жала жабу фактісі бойынша полицияға шағымдануға болады. Екіншіден, Азаматтық кодекстің 143-бабына («жала жабу») сәйкес, азаматтық талаппен сотқа жүгінуге әр азаматтың құқығы бар. Үшіншіден, жала жабу мен моббингтің жолдары бір жерде түйісуі мүмкін. Сол себептен моббингтің құрбаны болдым деп есептеген жұмысшы мемлекеттік қызметкер я болмаса квазимемлекеттік секторда жұмыс істесе, әкімдік жанындағы этика жөніндегі комиссияға, ал жекеменшік секторда қызмет етіп жүргендер Мемлекеттік еңбек инспекциясына шағым түсіре алады.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН КІМДЕР ЖАЗЫП ЖҮР?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға бауluымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз» деген еді. Ал таяуда «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі» Жарлыққа қол қойды. Бұл қазақ елінің қуана құптаған ісі болды.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Әлеуметтік желілерден аңғарғанымыздай, оқырманның кітап оқуға деген құлшынысы ғажап! Кітапханаға бас сұға қалсаңыз, мектеп жасындағы балалар жиі кездеседі. Қуантарлығы да осы. Алайда балалар әдебиетін бүгінгі таңда кімдер жазып жүр, жалпы біз бүгінгі жас оқырмандарды қаншалықты қуанта алып жүрміз деген санада тулаған сауалдың жауабын білмек болып жас қаламгер Олжас Қасымға жолыққанбыз.

– Мен үшін балалар әдебиеті – аса жауапты әрі маңызды сала. Себебі бала жүрегіне жол табатын шығарма оның ой-өрісіне, дүниетанымына, мінезіне әсер етеді. Балаларға арналған туынды тек қызықты болып қана қоймай, тәрбиелік мәнге де ие болуы керек деп ойлаймын. Сондықтан балалар әдебиетінде шынайылық, мейірім, тазалық пен ұлттық құндылықтар қатар көрініс табуы қажет. Соңғы уақытта балаларға арналған өлеңдер жинағын дайындап жатырмын. Өлеңдерім арқылы баланың қиялын дамытып, жақсы қасиеттерге баулуды мақсат етемін. Сонымен қатар балалар өмірі туралы хикаят жазуды бастадым. Онда бүгінгі балалардың арманы, достығы, қызығушылығы мен ішкі әлемін көрсетуге тырысамын. Бұдан бөлек, бірнеше әңгіме жаздым. Әңгімелерімде бала психологиясына жақын қарапайым оқиғалар арқылы адамгершілік құндылықтарды жеткізуге көңіл бөлемін. Мектеп оқушыларына арналған көріністерді де жазып жүрмін. Бұл жұмыстарым оқушылардың сахна мәдениетін қалыптастырып, шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді деп сенемін, – деді.

Жалпы балалар әдебиетіне қалам тербеу – үлкен жауапкершілік. Ал осы жауапкершілікті мойнына алатын жастар бар ма? Осы сауал төңірегінде өз ойын ортаға салған Олжас Қасым «Қазір жастардан Серікбол Хасан өнімді еңбек етіп келеді. Бірқатар кітабы жарық көрді. «Мазмұндама» баспасының «Ол кім?» сериясы бойынша тұлғалардың өмір жолына арналған еңбектерін оқып жүрміз. Ретбек Мағаз, Асылан Тілеген, Елдос Тоқтарбай, Бекзат Құлшар, Салтанат Қайырбек осы жанрда шығармашылық ізденіс жасап жүргені қуантады» деді.

Есімі аталған жастардың ішінде Серікбол Хасанға байланыс жасап, «Балалар әдебиетінде әлі толық жазылмай жүрген тақырыптар қандай?» деп сауал қойғанбыз. Ол:

– Қазіргі балалар әдебиетінде дәстүрлі тәрбие тақырыбы көп. Әрине, бұл да керек. Дегенмен қазіргі балалардың жан күйін, психологиялық иірімдерін қаузайтын шығармалар жоқтың қасы. Сондай-ақ цифрлық дәуірдегі бала тақырыбы да жиі жазылу керек деп ойлаймын. Қазіргі бала смартфон, TikTok, жасанды интеллект ортасында өсіп жатқандықтан, балалар әдебиетінде интернетке деген тәуелділік, виртуалды достық, кибербуллинг, компьютер ойындары әлемі, әлеуметтік желідегі жалғыздық секілді өзекті тақырыптар жиі көтеріліп отырған дұрыс. Сонымен қатар қазір біздің қоғамда климат өзгерісі, урбанизация мәселесі бар. Ауыл мен қала баласының айырмасы туралы да жазу керек. Бұрын ауыл өмірі көп жазылды. Алайда ауылдан қалаға келген бала, қазақ тілді ортадан орыс тілді ортаға қосылған бала, жалпы урбанизация жағдайындағы қазақ баласының болмысы да қаламға арқау болатын тақырыптардың бірі. Экология, соның ішінде су тапшылығы, Каспий теңізінің тартылуы, жануарлардың жойылуы секілді тақырыптар көркем әрі қызықты формада жазылса, балалар қызыға оқитын еді. Көп қозғалмайтын тағы бір тақырып – баланың психологиялық әлемі. Қазіргі балалар мазасыздық, жалғыздықты көп сезінеді. Одан бөлек, қоғамда ата-ананың ажырасуы, әкенің не анасының жоғы, ерекше балалар секілді мәселелер тағы бар. Осындай эмоционалдық қысымға ұшыраған балалар не істеу керек? Соларға жауап беретін шығармалар жазылса, көп дүниенің күрмеуі шешілер еді. Қазіргі балалар ғылыми фантастика тақырыбына көп қызығады. Сондықтан балалар әдебиетінде ғарыш, робот, уақыт машинасы, болашақ Қазақстан және жасанды интеллект тақырыптары жиі көтерілуі керек деп ойлаймын. Сонымен қатар қазақ мифологиясын заманауи форматта жаңғырту да қазақ балалар әдебиетін әлемге танытуға жол ашар еді. Кішкентай оқырмандарға ұлттық тарихты баланың көзімен беру, балаларға арналған тарихи құпияны, көне қолжазба немесе жоғалған кітапты іздеу секілді шытырман оқиғалар керек секілді, – деді.

Сөз арасынан саңылау тауып, «Балалар әдебиеті тек тәрбиелік құрал болып қалмай, баланың қиялын оятатын көркем дүние болуы үшін жазушы нені бірінші орынға қоюы керек?» дегенімізге: «Егер шығарма тәрбие айтуға ғана құрылса, бала оны тез ұмытады. Ал қиялын оятқан дүние оның жадында қалады. Сол себепті балалар қаламгерлері бірнеше нәрсені басты назарда ұстауы керек. Алғашқысы – кейіпкерлер насихат құралына айналмауы керек. Бізде көп шығарма автордың «балаға осы нәрсені айтамын» деген қателігінен басталады. Балаға насихат құпия, тосын түрде берілу керек. Шығармада тосын оқиға, күтпеген шешім болса, оны қызықтыра түседі. Балаға «адал бол» деп тікелей айтқаннан гөрі адалдық үшін қауіпке барған кейіпкердің әрекетін берген әсерлі болады. Біздегі авторлардың тағы бір қателігі баланы төмен көреді. Балаға кішкентай адам ретінде емес, сезімтал, қиялы ұшқыр, әділетті тез сезетін, жалғандықты бірден аңғаратын талғампаз оқырман ретінде қарау керек. Сонда ғана шығарма шынайы шығады және бала оқырманның талғамына сай келеді» дейді Серікбол Хасан.



> Балалар әдебиеті – аса жауапты әрі маңызды сала. Себебі бала жүрегіне жол табатын шығарма оның ой-өрісіне, дүниетанымына, мінезіне әсер етеді. Балаларға арналған туынды тек қызықты болып қана қоймай, тәрбиелік мәнге де ие болуы керек. Сондықтан балалар әдебиетінде шынайылық, мейірім, тазалық пен ұлттық құндылықтар қатар көрініс табуы қажет

СУРЕТСӨЗ



АҚКЕКІЛ

(Әділбекті әспеттеу)

«Жас алашта» бірге жұмыс істедік. Бұлар біз бесінші курсқа көшкен жылы оқуға түсті. Журфакта жүріп ұсақ кәсіпкерліктің негізін салған алақұйын іниміз Құлтас Достанмен бірге атақты бесінші жатақханада тұрды. Қабілетті жігіт. Қай жанрға да бейім. Өндірдей кезінде өлең жазды. Қатая келе қарасөзге ден қойды. Публицистикасы о бастан мығым. Қазір белгілі қаламгер. Оқырманға бірнеше роман ұсынды. Тарихи тақырыпты тереңнен тербеп, тұрлаулы трилогияның тізгінін қақты. Індетіп ізденеді. Ерінбей еңбектенеді. Тынбай толғайды. Соның арқасында бір кітабынан соң бір кітабы үзбей жарық көріп жатады. Лайым үзілмесін!

Айтпағымыз бұл емес. Осы Әділбектің «Аққекіл» деген әдемі әңгімесі бар еді. Қырық жылдай бұрын жазылған секілді. Көкпарға шабатын аттың тағдыры туралы ғой деймін. Аққекіл – соның атауы. Кекілінде қасқасы болса керек. Өзінің меншікті жануары. Бұл жігіттің өзі де жылқықұмар. Небір сәйгүліктің құлағында ойнап өскеніне дау жоқ. Жалпы, ол этнографиялық үрдістерге өте жетік-тін. Тілдік қоры мол. Көп қолданыла бермейтін сөздерді жазған дүниелерінің қыр арқасына қондыра қояды. «Жылқы ішінде ала жүр, Шал ішінде бала жүр. Шал ішінде жүрсең де, Бізді есіңе ала жүр», – деп Дихан досымызға айтқанымыздай, әсершіл Әділбек те Қызылағаштың көнекөз қарттарының арасында жата-жастана әңгіме тыңдаған балаға ұқсайды. Шандоз шалдар ботатірсек баланың сергек санасына қазақы құндылықтарды талай жылға жететіндей етіп құйып берген сыңайлы. Өйткені жазған-сызғанының ар жағынан құнары көрініп тұратын.

Жалпы, осы «Аққекіл» деген ұғым Әділбек өмірінің мәні мен сәніндей, бәсі мен бағындай, белгісі мен бойтұмарындай сезілетін. Аққекіл түсінігін ту етіп жүріп, маңдай шашында бір шөкім ағы бар бәденді бойжеткенге үйленді. Шашының шеті ағарған сол Зере қыз жан жарының шашына ақ түсірмей, жазуына жағдай жасап, үкідей үкілеп, баладай баптап келеді. Әділбектің баяғыда әзілдеп шығарған «Таптым сенен бақытымды, бәйбішем! Таптым сенен жақұтымды, бәйбішем. Жанымда өзің отырғанда жадырап, Шаттанғаннан шарап та ішем, шай да ішем!», – деген бір шумақ өлеңі болушы еді. Демек, аққекіл келіншектің арқасында біздің баланың үйдегі күтімі жаман емес.

Сол жылдарда Әділбек Алпысбай ол кездегі жас талант, бүгінгі белгілі сазгер Қалдыбек Құрманәлімен жиірек араласып тұратын. Құйын мінез ақ Қалдаш редакцияға келген сайын жастар басылымының әдебиет және өнер бөліміне бір соғып кететін. Сол Қалдыбектің де бір шекесінде ақ шашы болатын. Ал ол бөлімде Әділбектің бастығы, танымал жазушы Жұмабай Шаштайұлы отырар еді. Бір ғажабы, Жұмағаңның да маңдайында аппақ кекілі бар-ды. Соны көріп, «Не боп кетті өзі?», – деп күлетінбіз. Осыған орай бір күні Әділбектің атынан «Аққекіл» деген эпиграмма жаздық:

Табиғат шебер болғасын,
Қай нәрсеге де жетік-ақ.
Жанымда жүрген жолдасым,
Қалдыбектің де кекілі ақ.

Айтайын бәрін созбай-ақ,
Тағдырым менің шиырлы,
Аққекіл әйел аздай-ақ,
Аққекіл бастық бұйырды!

Сол Аққекілді өмірінің де, көңілінің де берекелі брендіне айналдырған қарымды қаламгер Әділбек Ыбырайымұлының ілгерідегі бейнесін тауып алдық. Сірә, ол «Аққекілді» жазатын жылдарда Шүкір Шахай түсіріп алған сияқты. Жақсылық тілейміз, Алпысбайдың ұрпағы! Маңайындағы аққөңіл Аққекілдерің аман жүрсін!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

№69 (4967) 13/06/2026 Сенбі

САЛҒАРАҰЛЫ САЛҒАН СОҚПАҚ

Астана қаласындағы Қазтұтынуодағының Жоғары колледжінде «Ұлт руханияты және тұлғалар тағылымы» атты танымдық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – жастар арасында кітап оқу мәдениетін насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу болды.



Кездесу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған бастамаларын және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Ұлттық мүдде» құндылығын негізге ала отырып өткізілді. Шара «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында өтті.

Кездесудің құрметті қонағы – белгілі ғалым, жазушы, тарихшы-этнограф, журналист, мемлекет және қоғам қайраткері Қойшығара Салғараұлы болды. Ол қазақ халқының көне тарихы мен түркі өркениетінің тамырларын зерттеуге зор үлес қосқан ғалым ретінде танымал. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері жастармен еркін сұхбат құрып, өз өмір жолы мен шығармашылық тәжірибесі туралы ой бөлісті.

Кездесу барысында кітаптың адам өміріндегі орны, білімнің құндылығы, әдебиеттің тәрбиелік маңызы және ұлттық руханият мәселелері кеңінен сөз болды. Студенттер қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары туралы тың мәліметтер алып, көкейлеріндегі сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды.

Қойшығара Салғараұлының шығармашылық жолы да таныстырылды. Ғалым тарих саласына бет бұрмас бұрын өнімді прозашы әрі сатирик ретінде танылып, «Ілгешек», «Сол бір күндер», «Үбедей», «Соқпақ жолға бастайды», «Тоғысқан тағдырлар» сынды көркем туындыларын оқырман қауымға ұсынған.

Шара соңында колледж ұжымы Қойшығара Салғараұлына жастар тәрбиесіне қосқан үлесі мен мазмұнды кездесуі үшін алғыс білдірді. Сонымен қатар, осындай рухани-мәдени іс-шаралардың ұйымдастырылуына қолдау көрсетіп жүрген колледж директоры Мырзабек Төребекұлы Кужимовқа ризашылықтарын жеткізді.

Тағылымды кездесу студенттердің кітап оқуға, білімге және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, олардың рухани дамуына оң әсерін тигізді. Қойшығара Салғараұлы салған соқпаққа түскен жастар риза болып тарқасты.

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІНІҢ «МҰРАСЫ»

Ұлттық музейде көрнекті график-суретші Исатай Исабаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Исатай Исабаев. Мұра» атты көрме өтіп жатыр. Көрме 26 маусымға дейін жалғасады.



Қылқалам шебері офорт, линогравюра және ксилография сияқты күрделі графика техникасын жетік меңгеріп, қазақ графикалық өнерінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Оның шығармаларында көркем иллюстрация арқылы қазақ халқының тұрмысы мен дәстүрлері, эпос және фольклор әлемі терең әрі әсерлі бейнеленген. Бұған қоса, Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин мен Ілияс Жансүгіровтің шығармалары желісімен салынған туындылар да кездеседі.

Исатай Исабаев шығармашылық жетістіктері және жоғары кәсіби шеберлігі үшін бірқатар мемлекеттік және халықаралық марапатқа ие болды. Атап айтқанда, 1988 жылы ол Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері атағын алды, 1991 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері атағына ие болды. Сонымен қатар, ең үздік графика үшін Түрікменстандағы «Бехзод» халықаралық сыйлығының лауреаты атанды. Қазақстанның бейнелеу өнеріне қосқан елеулі үлесі үшін берілетін «Тарлан» тәуелсіз сыйлығымен марапатталды.

Экспозицияда суретшінің 80-нен астам графикалық туындысы, қылқалам шеберінің отбасы қорынан әрі ҚР Ұлттық музейі қорынан алынған жұмыстар, сондай-ақ сирек қойылатын түпнұсқа баспа қалыптары – мырыш, линолеум мен шамшат материалдарынан жасалған матрицалар ұсынылған.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ «ЖАДЫРАҒАН ЖАЗЫ»

Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы Сарыарқа ауданы бойынша әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімінің ұйымдастыруымен «Арбат» алаңында «Жадыраған жаз» атты жазғы маусымдық би кеші өтті. Іс-шараның басты мақсаты – зейнеткерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, белсенді өмір салтын насихаттау, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.



Кештің шымылдығы жүргізушілердің жүрекжарды құттықтауымен ашылып, қатысушыларды достық пен шаттыққа толы мерекелік атмосфераға жетеледі. Бағдарлама барысында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының өнерпаздары өз өнерлерін ортаға салды. Көрермендер «Сарыарқа» би тобының орындауындағы заманауи «Хип-хоп» биін тамашалап, ерекше әсер алды. Сонымен қатар, Салиха Мулдаеваның орындауындағы «Аппақ ниет» және «Айналайын қыздар-ай» әндері кеш қонақтарының көңілінен шығып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Іс-шара барысында «Гаухартас» би тобы «Жалын» биін, «Сарыарқа» би тобы «Марджанджа» биін, республикалық байқаулардың лауреаты «Әдемі дәуір» би тобы «Мария Магдалена» биін және «Шабыт» би тобы «Куканелла» биін орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Концерттік бағдарлама барысында қатысушылар әнге қосылып, бишілермен бірге би билеп, жаздың жайдары кешін ерекше әсермен өткізді. Кеш соңында барлық қонақтар ортаға шығып, еркін форматтағы дискотекаға қатысып, жастық шақтың жарқын естеліктерін жаңғыртты. Осындай игі шаралар зейнеткерлердің қоғамдық өмірге белсенді араласуына, жаңа достар тауып, өзара қарым-қатынасты нығайтуына мүмкіндік береді. «Жадыраған жаз» би кеші де қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ұмытылмас әсер қалдырды.

Кеш барысында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Серік Қарабатыров, Сарыарқа ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Кенжеболат Бапишев пен ардагерлер кеңесінің өкілі Уляш Кусаинова жиналған қонақтарды демалыс кешінің ашылуымен құттықтап, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Ұйымдастырушылар жазғы би кештері Арбаттағы демалу орнында әр айдың екінші және төртінші бейсенбісінде өткізілетін атап өтіп, барлық қала зейнеткерлерін келесі кездесулерге қатысуға шақырды.

АЗИЯДА ҮЗДІК АТАНДЫ

Қырғызстанның Ыстықкөл қаласында пара армрестлингтен Азия чемпионаты өтті. Құрлықтық біріншілікке Азияның 21 елінен 400-ге жуық спортшы қатысты. Қазақстан ұлттық құрамасы сапында өнер көрсеткен астаналық спортшылар жоғары нәтиже көрсетіп, ел қоржынына 15 медаль салды.

Астана спортшылары чемпионатта 10 алтын және 5 күміс медаль жеңіп алды. Біріншіліктің басты қаһармандары – елордалық пара спортшылар Ербол Ескенов, Бекзат Бүркітов және Асхат Қабылов. Олардың әрқайсысы жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, команда қоржынына екі алтын медальдан салды. Ербол Ескенов 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қарсыластарына еш мүмкіндік бермей, сол және оң қолмен күресте чемпион атанды. Бекзат Бүркітов (65 келіден жоғары) те сол және оң қолмен күресте жеңіске жетіп, Азияның екі дүркін чемпионы атанды. Осындай жетістікке Асхат Қабылов (80 келі) та қол жеткізіп, екі дисциплинада да алтын медаль иеленді.

Қазақстан құрамасына тағы бір алтын жүлдені Есенгелді Мәкенай (80 келі) сыйлады. Ол оң қолмен күресте үздік атанды. Насыр Махамбетов (90 келі) те сәтті өнер көрсетіп, сол қолмен күресте алтын, ал оң қолмен күресте күміс медаль жеңіп алды. Нұрлан Балтабай (70 келі) сол қолмен күресте алтын, оң қолмен күресте күміс жүлдеге ие болса, Сергей Антропов (75 келі) дәл осындай нәтижеге қол жеткізді.

Жастар арасында астаналық пара спортшы Арыслан Әбдеханов (55 келі) сол және оң қолмен күресте күміс жүлдегер атанды.

Команданың жаттықтырушысы Заир Ахмедовтың айтуынша, әр спортшы жарысқа үлкен жауапкершілікпен және жеңіске деген жігермен келген. Азия чемпионатының қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орын алып, құрлықтағы ең мықты командалардың бірі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 69

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА